

## Ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының арнаулы шоттары туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 24 ақпан N 132. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.18. N 1298 қаулысымен. ~P981298

"Қылмысқа қарсы күрес және құқық тәртібін нығайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 наурыздағы N 2127 K952127\_ қаулысының 5-тармағын орындау үшін және ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту, сондай-ақ олардың қызметін ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының арнаулы шоттарын а ш с ы н .

2. Арнаулы шоттардың қаражатын қалыптастыру көзі болып мемлекетке зиянды өтеу сомасының 50 проценті мөлшеріндегі аударым, соттың үкімі бойынша мемлекеттің меншігіне қаратылған мүлікті сатудан түскен қаражат, сондай-ақ соттың шешімі бойынша сотталған адамдардан тәркіленген барлық көлік құралдары, ұйымдастыру техникасы және байланыс құралдары белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Қаржы министрлігі бір ай мерзім ішінде арнаулы шоттардың қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлесін және бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі арнаулы шоттарға келіп түскен ақша қаражатының жұмсалуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

5 . М ы н а л а р д ы ң :

"Құқық қорғау және сот органдарының арнаулы шоты туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 тамыздағы N 1192 қ а у л ы с ы н ы ң ;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 тамыздағы N 1192 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қарашадағы N 1434  
қаулысының күші жойылсын деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК